

«Жамбыл облысы» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ
Жамбыл облысы бойынша филиалының
қаржылық ірігу және жер кадастры бөлімі

№ 01 аралығы

№ 05 19

ВИДЫХ ДОКУМЕНТОВ ИЛИ ДОПОЛНЕНИЙ

№ 080240019540

№ 729-1919-НАО-МК

**«Жамбыл облысы әкімдігі білім
басқармасының «Тараз теміржол көлік
және коммуникация колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының**

ЖАРҒЫСЫ



УСТАВ

**Коммунального государственного
казенного предприятия «Таразский
колледж железнодорожного транспорта и
коммуникаций» управления образования
акимата Жамбылской области**



Жамбыл облысы әкімдігінің
2019 жылғы «08» _____
№ _____ қаулысына 3 қосымша

**«Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының
«Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынмен (бұдан әрі «Кәсіпорын», Колледж) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының Жамбыл облысы әкімдігі білім беру департаментінің № 13 кәсіптік мектебі» мемлекеттік мекемесінің барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Жамбыл облысының әкімдігі (бұдан әрі жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің мемлекеттік меншік құқығын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган жергілікті атқарушы орган болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар функцияларды жүзеге асыруды «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі Уәкілетті орган) уәкілетті береді.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Тараз теміржол көлік және коммуникация колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7. Кәсіпорынның мекен-жайы: пошталық индексі 080016, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 278 үй.

2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның дербес теңгерімі, банктерде есеп айырусу және басқа шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген жағдайларды қоспағанда Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорынның қызметінің мәні техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

1) Нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі және практикалық тәжірибесі бар, техникалық, кәсіптік және орта білім беруден кейінгі білікті мамандарды даярлау;

2) Еңбек рыногында және өндірістің салаларындағы талаптарды есепке ала отырып, білікті мамандарды сапалы даярлаудың үнемі жетілдіру;

3) Қолда бар лицензия негізінде мамандарды қайта оқыту және қайта даярлау;

4) Техникалық және кәсіптік білімі бар жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсатті іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдармаларын іске асыру;

2) Қосымша кәсіптік бағдарламалары, оның ішінде ақылы (жеке, кұрстық оқыту, мамандық бойынша қайта даярлау және білімін жетілдіру);

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

17. Жергілікті атқарушы орган:

- 1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 4) мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
- 7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Уәкілетті орган:

- 1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Кәсіпорын мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 6) Кәсіпорын басшысын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 8) Кәсіпорынның басқару (алқалы) органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін анықтайды;
- 9) Кәсіпорынның (шығыстар жоспарын) сметасын, жылдық қаржылық есептілігін, орындалу есебін бекітеді;
- 10) Кәсіпорынның құрылымын, Кәсіпорынның штаттық кестесін, Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорын бекітеді;
- 11) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
- 12) Кәсіпорын шығаратын және сататын тауарларға (жұмыстар, қызметтер) бағалар белгілейді;

13) қамқоршылық кеңесі құрамын, оның қызметінің ережесін бекітеді;

14) өз өкілеттігі шегінде оқу-тәрбиелеу үрдісі мазмұнының білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары талаптарына сәйкестігін мерзімді тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді;

15) педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізеді және оларға біліктілік санаттарын береді;

16) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен оған жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорында басқару дара басшылық пен алқалылық қағидаттарында жүзеге асырылады. Колледжді тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады. Басқарудың алқалы органы Колледж Кеңесі болып табылады.

20. Кәсіпорынның басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

21. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық мекемелерде білдіреді;

2) Кәсіпорын қызметін жедел басқаруды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді.

3) оқу-тәрбиелеу үрдісін жоспарлайды және ұйымдастырады, оның барысын және нәтижесін бақылауды жүзеге асырады. Кәсіпорын жұмысының сапасына және тиімділігіне жауап береді.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

5) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

6) сенімхаттар береді;

7) банктік шоттар ашады;

8) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

9) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

10) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

11) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

12) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сай Колледж Кеңесі мен Қамқоршылық кеңесінің қызметінің сәйкестігін қамтамасыз етеді.

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады

22. Колледж Кеңесі (бұдан әрі Кеңес) –кәсіпорынның басшысы басқаратын уәкілеттік мерзімі 5 жылдан аспайтын сайланбалы уәкілетті орган. Колледж Кеңесінің мерзімінен тыс қайта сайлауы оның мүшелерінің жартысынан жуығы талап етілумен жүргізіледі.

Кеңес шешімімен шығып кеткен адамдардың орнына жаңа мүшелер сайланады.

23. Колледж Кеңесі құрамына басқарушылар құрамы, барлық оқытушылар мен оқу-көмекші персонал, білім алушылар және ата-аналар жұртшылығының өкілдері кіреді.

Педагогтік ұжым өкілдері жиналыста ашық дауыс беру арқылы сайланады (оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ұсынған әрбір кандидатура бойынша).

Колледж кеңестің мүшелігіне ата-аналарды ата-аналар комитеті ұсынады.

Колледж кеңестің құрамы білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен оқу жылына бекітіледі.

Колледждің басшысы Колледж Кеңесінің төрағасы болып табылады. Колледж кеңесінің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, мәжілістерде төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді.

Педагогтік кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

24. Колледж Кеңесі:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және құқықтық актілерді орындау бойынша іс-шараларды;

2) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстардың жағдайын, оқытудың барлық нысандары бойынша оқыту әдістерін жетілдіру мәселелерін, оқытудың жаңа технологияларын енгізуді (ақпараттық, модульді, тұлғалық бағдарланған және тағы басқалар);

3) оқу - көмекші бөлімшелердің, бөлім жұмысының жағдайын;

4) білім беру ұйымының оқу-материалдық базасының дамуын жоспарлау мәселелерін;

5) оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мәселелерін;

6) басшылардың, оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің, оқу-көмекші персоналдың біліктілігін арттыру және біліктілік арттырудың жаңа нысандарын пайдалану мәселелерін;

7) білім беру ұйымында жаңа мамандықтар мен пәндер бойынша оқытушыларды және өндірістік оқыту шеберлерін, оқытушылар құрамын даярлауды, жас мамандарды оқытушылық қызметке тартуды;

8) басқарушы және педагогтік кадрларды аттестаттауға даярлаудың аттестаттау жүйесін және ұйымдастыруды жетілдіру;

9) білім алушыларды қабылдау, бітірушілерді бітірту және жұмысқа орналастыру мәселелерін;

10) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау, дипломдық жұмыстарын (жобаларын) қорғауға даярлау және өткізу бойынша іс-шараларды;

11) білім алушылардың өндірістік практикасын ұйымдастыру және өткізу мәселелерін;

12) білім алушылардың тәртібінің жай-күйін, үлгермегені үшін, жатақханадағы ішкі тәртіп және тұру ережелерін бұзғаны үшін оқудан шығару мәселелері, сондай-ақ жеке жағдайларда білім алушыларды білім беру ұйымына қайта қабылдау мәселелерін;

13) оқу - тәрбие процестерін компьютерлеудің жай-күйін;

14) білім алушылар контингентінің сақталуын;

15) білім алушылардың тұлғалық бағдарланған тәрбиесі мен білімінің мәселелерін;

16) республиканың еңбек рыногының талаптарына және экономиканың дамуының перспективаларына сәйкес кадрларды даярлау мәселелерін қарастырады.

Кеңестің жұмыс тәртібі басшының бұйрығымен бекітілген регламентімен айқындалады.

25. Кәсіпорында білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларына сай Қамқоршылық кеңес қызмет етеді.

5. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

26. Кәсіпорын келесі білім беру бағдармаларды іске асырады:

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары;

2) Қосымша кәсіби бағдарламалар, оның ішінде ақылы (жеке, курстық оқыту, қайта даярлау және мамандардың біліктілігін арттыру).

6. Білім беру мекемесіне қабылдау тәртібі

27. Кәсіпорынға қабылдауды Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес кәсіпорын басшысы бекітетін құрамды қабылдау комиссиясы жүргізеді.

Кәсіпорынға қабылдау тәртібі, оқуға түсушілермен тапсырылатын құжаттар тізімі, құжат қабылдауды бастау мерзімдері, апелляциялардың қарау тәртібі және басқа сұрақтар техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың қағидаларымен реттеледі.

28. Кәсіпорынға қабылдау кәсіпорын басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады.

7. Білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі), білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі

29. Кәсіпорында оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

30. Кәсіпорын өз құрылымын қалыптастыруды және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды, кадрларды іріктеу мен орналастыруды, оқу-әдістемелік, қаржы-шаруашылық қызметін өз бетінше жүзеге асырады

31. Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына, мемлекеттік стандарттарына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген оқу жоспарлары мен бағдарларымына, сондай ақ мемлекеттік білім стандарты негізінде Кәсіпорын өзімен дайындалған және бекітілген жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

32. Жеке адамның сұраныстары мен мүмкіндіктерін, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алудың қолжетімділігіне жағдайлар жасауды есепке ала отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай нысандарда жүзеге асырылады (кешкі және сырттай нысанда білім алуға рұқсат етілмейтін жекелеген кәсіптер мен мамандықтардан басқа).

33. Оқу сабақтары 1 қыркүйектен басталады. Оқу жылының ұзақтығы оқу жоспарымен анықталады. Білім алушылар үшін толық оқу жылы ішінде кемінде екі рет жалпы ұзақтылығы жылына 11 аптадан аспайтын демалыс белгіленеді, оның ішінде қысқы кезеңде – кемінде 2 апта.

34. Оқу кестесі оқу процесі кестесіне және оқу бағдарламасына сәйкес жасалады.

35. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін 5 минуттық үзіліспен ұзақтығы 45 минут академиялық сағат белгіленеді, 2 академиялық сағаттан кейін 10 минуттық үзіліспен қосарланған сабақтар өткізуге болады.

36. Білім алушылардың екі қосарланған сабақтан кейін тамақтануы және белсенді демалуы үшін ұзақтығы кемінде 15 минут үзіліс қарастырылады.

37. Кәсіпорында оқу сабақтары сабақтар, дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық, бақылау және өзіндік жұмыстар, консультациялар, әңгімелер, факультативтік сабақтар, курстық және дипломдық жобалар, жұмыстар және оқу сабақтарының басқа нысандары түрінде өткізіледі.

38. Білім беру бағдарламаларына сәйкес Кәсіпорын кәсіптік бағытталған сыныптар мен топтардан тұрады. Кәсіпорынның құрамында

әкімшілік басқару және басқа бөлімшелер, сонымен қатар кабинеттер, лабораториялар, шеберханалар, залдар кітапханалар, асханалар болады.

39. Қазақ тілі мен шет тілі, өндірістік білім алу сабақтарын өткізген кезде топтың білім алушылар саны 25 болғанда, екі шағын топқа бөлінеді. Мамандық немесе кәсіп бейінінің ерекшелігіне қарай білім алушылармен жеке сабақтар өткізіледі.

40. Колледждің білім беру процесіне қатысушылар: білім алушылар мен ата-аналар, педагогикалық қызметкерлер мен кәмелетке толмаған білім алушылардың заңды өкілдері болып табылады.

41. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың тәртібі білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің қағидаларымен реттеледі.

42. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімі мен мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандартының талаптарына сәйкес жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

43. Білім беру ұйымдары кәсіптік практиканы өткізу үшін шарттық негізде практика базасы ретіндегі ұйымдарды анықтайды, олармен келісілген практиканы өткізудің бағдарламаларын және күнтізбелік кестесін бекітеді.

44. Кәсіптік практикаға жұмсалатын шығындарды білім беру ұйымдары мен практика базасы болып табылатын ұйымдар қарастырады. Бұл шығындардың мөлшері жасалған шарттарда белгіленеді.

45. Кәсіпорын әрбір білім деңгейі үшін мемлекеттік жалпы білім беру стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етеді.

8. Білім алушыларды оқудан шығарудың негізі және тәртібі

46. Оқушыны оқудан шығару Кәсіпорын басшысының бұйрығымен рәсімделеді.

47. Білім алушылар оқушылар құрамынан шығарылуы мүмкін:

- 1) өз еріктері бойынша;
- 2) Дәрігерлік-кеңес беру комиссиясының анықтама-қорытындысы негізінде денсаулық жағдайы бойынша;
- 3) Өзге білім беру мекемесіне ауысуына байланысты;
- 4) Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін;

48. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

9. Ақылы қызмет көрсету тізбесі мен тәртібі

49. Кәсіпорын ақылы қызметін көрсетуге құқылы.

Ақылы қызметін көрсетулерге:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әр түрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) энергия қондырғылары мен қазандықтар беретін жылу энергиясын жіберу;

8) кәсіптік білім беруді ұйымдастыру (білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру);

9) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру;

10) ғылыми зерттеулерді жүргізу бойынша тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) беру жатады.

50. Кәсіпорын қосымша білім беру қызметін (соның ішінде ақылы) білімгерлер тарапынан еркіндік принципіне жүргізеді.

51. Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) жасалынған келісім шарт ақылы қызметінің негізі болып табылады.

52. Кәсіпорын берілетін қосымша ақылы қызметінің сапасына дербес жауап береді.

53. Қосымша ақылы қызмет көрсетуге қатыстырылған педагогтік қызметкерлердің ақысы Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтай отыра шаруашылық есеп негізінде жасалынады.

54. Қосымша ақылы білім беру қызметінің шарттары және басқа да сұрақтары қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

10. Білім беру ұйымының білім алушылар, тәрбиеленушілер және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым қатынастарын рәсімдеу тәртібі

55. Азаматты Колледжге қабылдау кезінде білім беру ұйымы оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

56. Білім алушылар:

1) мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;

2) Кәсіпорын кеңесінің шешімімен жалпы міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, жеделдетілген білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

3) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметін пайдалануға, білім алуға, оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстар таңдауға;

4) Кәсіпорынның басқаруына қатысуға;

5) оқу орнына қайта қабылдануға және біреуінен екіншісіне, оқудың бір нысанынан екіншісіне ауысуға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Кәсіпорын кітапханаларының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етуге;

7) өз пікірі мен сезімін білдіруге;

8) өзінің адамдық қадір-қасиетін құрметтелуіне;

10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;

11) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық транспортта (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге құқылы.

57. Білім алушыларды оқу процесінен аландатуға жол берілмейді.

58. Білім алушылар мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысы мен білім беру қызметінің көрсету туралы шартында көзделген басқада талаптарды орындауға міндетті.

59. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті

60. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер педагог қызметкердің арнамысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

61. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға Кәсіпорынның жарғысында тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

62. Кәсіпорында оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады.

63. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттау, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірлеген Кәсіпорын бекітетін ережелерімен айқындалады.

64. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың денсаулығына үнемі бақылау жасауды. Оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Кәсіпорын медициналық пункттерге орындар береді.

65. Кәсіпорындағы сабақ кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс. Жергілікті атқарушы органдар және Кәсіпорын басшысы ақылы тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды. Тамақ сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

66. Кәсіпорында оқудың, тәрбиелеудің, еңбек ету мен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік оның басшысы мен құрылтайшыларына, ал бақылау жасау тиісті мемлекеттік органдарға жүктеледі.

67. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

1) білім беру ұйымын баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып тандауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарының басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарының өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға құқығы бар.

68. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмір сүруі мен оқу үшін салауатты және қауіпсіз жағдай жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) Кәсіпорынмен білім сапасын көтеру және тәрбие мәселелері бойынша ынтымақтастық жасауға;

3) балалардың Кәсіпорынға баруын қамтамасыз етуге, үлгерімін қадағалауға;

4) Кәсіпорыннан тыс сабақтан бос және демалыс кезінде балалардың мінез құлқын қадағалауға;

5) ата-аналар жиналысына қатысуға;

6) Кәсіпорынмен бірдей бала құқығы туралы Конвенцияны сақтауға міндетті.

11. Кәсіпорынның мүлкі

69. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

70. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

71. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

72. Кәсіпорынның мүлкісі оралымды басқару құқығымен иеленуде және коммуналдық меншікке жатады.

12. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

73. Егер заң актілерімен өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынның қызметі өз табысы және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

13. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

74. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

14. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

75. Кәсіпорын бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

76. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизияны Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органы жүзеге асырады.

77. Кәсіпорынның жарғылық қызметін қаржылық қамтамасыз етуі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, шегінде және оқу процесінен тыс уақытта, осы жарғының 10 тармағында көрсетілген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады.

78. Қызметтің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

79. Ақылы қызметтен және басқа да қызметтен түсетін қаржылар Кәсіпорын басшысы бекіткен алдыңғы бірінші кезектегі шараларды ескере

отырып тек қана жарғылық мақсаттарға жұмсалады. Кәсіпорынның басшысы қаржының басқарушысы болып табылады.

80. Ақылы білім беру және де басқа қызметтен түскен қаржылар Кәсіпорынның «Ақылы қызметтен түскен қаржылар» ағымды шотына есептеледі.

15. Кәсіпорынның жауапкершілігі

81. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорынның қалған мүліктін алып қоюға жол берілмейді.

82. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

16. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штатын толықтыру тәртібі, еңбекке ақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері

83. Кәсіпорында тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогтік қызметпен айналысу (оқыту және тәрбиелеу) құқығы бар.

84. Тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға педагогтік қызметпен айналысу құқығы қажетті мамандар болмағанда ғана Колледждің кеңесінің шешімі бойынша беріледі.

85. Педагогтік қызметпен айналысуға сот актісімен, сондай-ақ заң актілерімен оған тыйым салынған тұлғаларға жол берілмейді.

86. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті органы белгілейді. Еңбекақы төлеу нысандарын лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін (кәсіпорын басшысын, оның орынбасарларының, бас бухгалтерді қоспағанда) белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

87. Кәсіпорын өзінде бар қаражатының шегінде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет есебінен, үстеме, қосымша ақылардың, сыйлықтардың және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін өзі белгілеуге құқылы. Бюджет қаражатынан ынталандыру сипатында төленетін төлемдер жалақының кепілді бөлігі бойынша берешек болмаған жағдайда ғана жасалуы мүмкін.

88. Кәсіпорынның педагог қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 36 сағаттан белгіленеді.

89. Кәсіпорын қызметкерлеріне кураторлығы үшін, бақылау және курстық жұмыстарды тексергені үшін, оқу кабинеттеріне меңгерушілік еткені,

- 5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;
- 8) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 9) білім алушылар жасаған, оның ішінде білім алушыларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы не өздеріне белгілі болған, білім беру ұйымдарынан тыс жерде болған осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;
- 10) өмірде қиын жағдайға тап болған баланы анықтағаннан бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі органдарына хабарлауға міндетті.

17. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

93. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

93. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

18. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

95. Кәсіпорынды тарату және қайта ұйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) оның мүлкінің иесінің немесе сот шешімі бойынша жүргізіледі.

96. Таратылған жағдайда құрылтайшы білім алушыларды басқа жалпы білім беру мекемелерінде оқуын жалғастыруына шаралар қолдануға міндетті.

97. Қайта ұйымдастыру кезінде құрылтайшы Кәсіпорынның құқықтық мирасқорын белгілейді.

98. Кәсіпорынды таратуды тарату туралы шешім қабылданған орган тағайындаған тарату комиссиясы жүргізеді.

99. Тарату комиссиясы тағайындалған мезеттен бастап оған кәсіпорынның қызметін басқару өкілеттігі көшеді. Тарату комиссиясы Кәсіпорынның қолдағы мүлкін бағалайды, оның дебиторларын анықтайды, олармен есептеседі. Кәсіпорынның үшінші жақтарға, Кәсіпорын жұмысшыларына тиісті қарыздарын өтеуге шаралар қолданады, тарату балансын дайындайды.

100. Несие берушілердің талабын қанағаттандырғаннан қалған Кәсіпорын мүлкі, уәкілетті органмен қайта бөлінеді, несие берушілердің талабын қанағаттандырылғаннан қалған мүлікті өткізу нәтижесінде алынған ақшаларды қоса, Кәсіпорын ақшалары бюджет кірісіне алынады

19. Жарғыға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

101. Кәсіпорын Жарғысына толықтырулар мен өзгертулер жергілікті атқарушы органының шешімімен енгізіледі.

